

Банк қызметтерін ұсыну және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банк қызметтерін ұсыну процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарастыруы қағидаларына 2-қосымша

Банктің интернет-ресурсында және (немесе) ұялы қосымшасында орналастырылған ақпарат

Егер қарыз алушы жеке тұлға болып табылған жағдайда ол банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі кешіктірілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде (бұдан әрі - Шарт) Банкке баруға және (немесе) жазбаша нысанда немесе Шартта көзделген тәсілмен Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заңының (бұдан әрі - Банктер туралы заң) 36-бабының 1-1-тармағына сәйкес Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімінің кешіктірудің себептері, кірістері және оның шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті ұсынуға құқылы.

Бұл ретте Банктер туралы заңның 36-бабының 1-1-тармағында көзделген қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Банк қарыз алушы-жеке тұлға ұсынған Шарттың талаптарына енгізілген өзгерістерді жазбаша нысанда немесе Шартта көзделген тәсілмен қарастырады, қарыз алушы-жеке тұлғаға келесілерді хабарлайды:

1) Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу;

2) Шарт талаптарын өзгерту жөніндегі өз ұсыныстары;

3) осындай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту.

Банктің Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған жағдайда немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, қарыз алушы-жеке тұлға Банк шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Банкті бір мезгілде хабардар ете отырып, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігіне жүгінуге құқылы.

Қарыз алушы Банк туралы заңның 36-бабының 2-тармағына сәйкес Шарт бойынша төлемдерді, оның ішінде мерзімі өткен берешекті енгізу қажеттілігі туралы Банктің талаптарын қанағаттандырмаған жағдайда, Банк Банктер туралы заңда көзделген шектеулерді ескере отырып, Қарыз алушының банктік шоттарында бар (егер мұндай өндіріп алу Шартта айтылған жағдайда) ақшаға, оның ішінде төлем талабын қою арқылы дау тудырмайтын тәртіппен өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Қарыз алушы Банктің Шарт бойынша төлемдерді, оның ішінде мерзімі өткен берешекті енгізу қажеттілігі туралы талабын қанағаттандырмаған, сондай-ақ қарыз алушы-жеке тұлға Банктер туралы Заңның 36-бабының 1-1-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған немесе қарыз алушы-жеке тұлға мен Банк арасында Банктер туралы Заңның 36-бабының 2-1-тармағына сәйкес Шарт талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда, Банк қарыз алушыға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген шараларды қолдануға, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге (Шартта Банктің мұндай құқығы болған жағдайда), Заңның 36-1-бабының 4-тармағында көрсетілген тұлғаға Шарт бойынша құқықты (талапты) беруге, Шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап арызбен жүгінуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен немесе сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.